



Қылмыстық құқық. Қылмыстық процесс / Criminal law. Criminal process / Уголовное право. Уголовный процесс

XҒТАР 10.77.01

<https://doi.org/10.32523/2616-6844-2026-160-1-183-204>

Ғылыми мақала

Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықты қылмыстық-құқықтық жүйелік деликт ретінде қарастыру

А.Р. Құттығалиева*¹, С.Е. Ермұхаметова², А.К. Есенғазиева³

¹Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

³М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан

(E-mail: ¹anarhan_8112@mail.ru, ²saulehan11r@mail.ru, ³esengazievaa@mail.ru)

Аңдатпа. Бұл мақалада отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықты қылмыстық-құқықтық жүйелік деликт тұжырымдамасы тұрғысынан кешенді зерттеу нысанына айналдырылған. Дәстүрлі қылмыстық құқық мұндай әрекеттерді жеке, оқшау құқықбұзушылықтар ретінде қарастырады. Алайда бұл тәсіл зорлық-зомбылықтың шынайы табиғатын – жәбірленушіге үстемдік орнатуға бағытталған тұрақты мінез-құлық үлгісін толық ашып бере алмайды.

Зерттеуде оқиғалық тәсілден жүйелікке көшу қажеттігі негізделеді. Мұнда отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық біртұтас, ұзақ мерзімді деликт ретінде қарастырылып, оған тән физикалық, психологиялық, экономикалық және жыныстық сипаттағы әрекеттердің жиынтығы ескеріледі.

Қазақстан Республикасы, Ұлыбритания, АҚШ және бірнеше еуропа-лық елдердің заңнамаларына, сондай-ақ халықаралық стандарттарға (Стамбұл конвенциясы, CEDAW ұсынымдары) жүргізілген салыстырмалы құқықтық талдау негізінде құқықтық реттеудегі негізгі олқылықтар анықталған. Автор тарапынан бұл мәселені жүйелік деликт ретінде жеке қылмыстық құрамға жатқызу бойынша балама модель ұсынылады.

Зерттеудің әдіснамалық негізін салыстырмалы-құқықтық, догматикалық, жүйелі-құрылымдық және статистикалық әдістер құрайды. Алынған нәтижелер отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресте оқиғалық тәсілдің жеткіліксіз екенін, ал жүйелік деликт тұжырымдамасын енгізу жәбірленушілерді қылмыстық-құқықтық қорғаудың толықтығын және әрекеттерге лайықты баға беруді қамтамасыз ететінін көрсетеді, жәбірленушілердің құқықтарын қорғаудың тиімділігін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық, жүйелік деликт, қылмыстық құқық, мәжбүрлі бақылау, Стамбұл конвенциясы, қылмыстық-құқықтық саралау.

Кіріспе

Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық – қазіргі замандағы ең өзекті әлеуметтік-құқықтық мәселелердің бірі. Бұл құбылыс экономикалық даму деңгейі мен құқықтық дәстүріне қарамастан, бүкіл әлем елдеріне ортақ. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректеріне сәйкес, жер бетіндегі әр үшінші әйел өмірінде кемінде бір рет жақын серігі тарапынан физикалық немесе жыныстық зорлыққа ұшырайды. Қазақстан Республикасы үшін де бұл мәселе айрықша маңызға ие болып отыр: Ішкі істер министрлігінің 2023 жылғы деректеріне сәйкес, құқық қорғау органдарына отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты 99 мыңнан астам өтініш түскен. Бұл деректердің көлеңкесінде 69 әйел мен 7 баланың өмірі қиылғаны тіркелген.

2023 жылы Салтанат Нүкенованың бұрынғы министр Қуанышбек Бишімбаевтың қолынан қаза табуы қоғамда үлкен серпіліс тудырып, құқық қорғау жүйесінің мұндай зорлыққа қарсы тұруда қауқарсыз екенін айқын көрсетті. Осы оқиға заңнамаға өзгерістер енгізудің түрткісіне айналып, реформа қажеттігін алдыңғы қатарға шығарды.

Зерттеу атауында қолданылған «деликт» ұғымы дәстүрлі құқықтық танымда көбіне азаматтық құқықтың еншісіндегі категория ретінде қарастырылып келгенімен, оны қылмыстық-құқықтық кеңістікте пайдалану заңи тұрғыдан негізсіз құбылыс емес. Тарихи бастауларына көз жүгіртсек, Рим құқығындағы *delictum* ұғымы жеке тұлғаның бұзылған мүддесіне нұқсан келтіретін кез келген құқыққа қайшы әрекетті білдірген және кейіннен континенталдық құқық жүйелерінде азаматтық әрі қылмыстық жауаптылықтың ортақ арқауы ретінде орныққан. Қазіргі қылмыстық-құқықтық ілімде бұл категория құқыққа қарсы, кінәлі нысанда жасалған және заңмен тыйым салынған әрекетті сипаттайтын ұғым ретінде пайымдалып, өзінің мазмұндық табиғаты жағынан қылмыс ұғымымен етене жақындаса түседі.

Осы зерттеу аясында қолданылған «жүйелік деликт» термині отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықты бір-бірінен оқшау тұрған жекелеген әрекеттер жиынтығы ретінде емес, белгілі бір уақыт кеңістігінде үздіксіз өрбитін, ішкі бірлігі бар, жалғасымды қылмыстық мінез-құлық нысаны ретінде тануды білдіреді. Мұндай ұғымдық таңдаудың мәні — зорлық-зомбылықтың күрделі болмысын, оның қайталанбалы, тұтас және жүйе құраушы сипатын дара оқиғалар тізбегінен анағұрлым терең әрі дәл ашып көрсету мүмкіндігінде.

Осы зерттеудің өзектілігі отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың шынайы табиғаты мен қылмыстық құқықтағы дәстүрлі инциденттік тәсілдің арасындағы түбірлі қайшылықтан туындайды. Қолданыстағы құқықтық жүйе зорлық-зомбылықты жеке-жеке қарастырып, әрбір оқиғаны оқшау құқықбұзушылық ретінде бағалайды. Алайда бұл тәсіл, көбіне, бір-бірімен мүлде байланысы жоқ тұлғалар арасындағы қылмыстарға арналған. Ал отбасылық ортада зорлық-зомбылық – бір жолғы емес, ұзаққа созылатын, жүйелі бақылауға құрылған әрекеттер жиынтығы. Мұндай жағдайда, жәбірленуші оқшау оқиғалар емес, бүкіл бақылау жүйесінің құрбанына айналады. Эван Старктың пайымдауынша, мұндай жағдайда адам өзін агрессор жасап берген елеске толы, қарама-қайшы әрі үрей үстемдік еткен әлемде тұтқында қалғандай сезінеді [1].

2024 жылғы 15 сәуірде Қазақстан Республикасының «Әйелдердің құқықтарын қамтамасыз ету және балалардың қауіпсіздігін қорғау мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының

қабылдануы айтарлықтай алға қадам болды. Аталған заң тұрмыстық қатынастар шеңберінде жасалған ұрып-соғу және денсаулыққа жеңіл зиян келтіру әрекеттеріне қылмыстық жауаптылық енгізіп, маңызды құқықтық өзгеріс әкелді. Дегенмен, Human Rights Watch ұйымының 2024 жылғы есебінде көрсетілгендей, бұл заң отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықты Қылмыстық кодексте дербес, жеке қылмыстық құрам ретінде қарастырмайды [2].

Адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттар тұрмыстық зорлық-зомбылықты жеке тұлға мен қоғамға қарсы ауыр қылмыс ретінде тануды талап етеді. Бұл тек жекелеген әрекеттерге қолданылатын жазаны күшейтумен шектелмей, зорлық-зомбылықтың жүйелі сипатын дұрыс саралауға негізделген тұтас көзқарасты қажет етеді.

Осы зерттеудің ғылыми жаңалығы көпқабатты сипатқа ие болып, өз мазмұнын үш өзара сабақтас деңгейде танытады.

Біріншіден, тұжырымдамалық деңгейде, «жүйелік деликт» ұғымы қазақстандық қылмыстық құқық ғылымының танымдық кеңістігіне отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққұбылысын пайымдаудың дербес әдіснамалық кілті ретінде алғаш рет енгізіліп отыр. Бұған дейін бұл ұғым Иванцов пен Коняхиннің еңбектерінде қылмыстылықты жүйелі зерттеудің жалпы теориялық құралы ретінде көрініс тапқанымен, отбасылық зорлық-зомбылықтың құқықтық табиғатын ашатын арнайы категория дәрежесіне дейін көтеріле қойған жоқ. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу аталған ұғымды жаңа мазмұндық өріске шығарып, оның қолданылу аясын сапалық тұрғыда кеңейтеді.

Екіншіден, теориялық деңгейде, Л. Уокер негіздеген зорлық циклі теориясы мен Э. Старк ұсынған мәжбүрлі бақылау тұжырымдамасы алғаш рет жүйелік деликттің конститутивтік белгілерімен органикалық байланыста қарастырылып, тұтас бір теориялық модельге біріктіріледі. Мұндай біріктіру олардың әрқайсысын дербес сипаттаумен шектелмей, өзара ықпалдастықтағы мазмұнын ашуға мүмкіндік береді: нәтижесінде зорлықтың уақытша қайталануы мен бақылаудың құрылымдық тұрақтылығы біртұтас құқықтық феномен ретінде ұғынылады. Бұл синтез ғылыми пайымдаудың жаңа сапалық деңгейін қалыптастырып, зерттеліп отырған құбылысты түсіндірудің терең әрі кешенді тәсілін ұсынады.

Үшіншіден, нормативтік деңгейде, зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне енгізілуге бағдарланған нақты қылмыстық-құқықтық конструкция түрінде жүйеленеді. Ұсынылып отырған жаңа құрам оның объектісін, объективтік және субъективтік жақтарын, субъектісін, сондай-ақ саралаушы және аса саралаушы белгілерін өзара байланыста қамтитын тұтас модель ретінде көрініс табады. Осы арқылы зерттеу тек теориялық пайымдаумен шектелмей, құқықшығармашылық үдерісіне бағытталған нақты мазмұндық ұсыныс ұсынады. Қазақстандық қылмыстық құқық ғылымында бұл бағытта толыққанды заң жобалық деңгейдегі жүйелі тұжырымның бұрын қалыптаспағаны ескерілсе, аталған нәтиженің ғылыми және практикалық маңызы айрықша айқындала түседі.

Осы зерттеудің мақсаты – отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықты қылмыстық-құқықтық жүйелік деликт ретінде теориялық тұрғыда негіздеу және Қазақстан Республикасының заңнамасын осы бағытта жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін келесі міндеттер айқындалды:

1. Қылмыстық құқықта отбасылық зорлық-зомбылықты саралау жөніндегі теориялық тәсілдерді талдау;

2. Жүйелік деликт ұғымын ашып, оны отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қолданудың негізділігін қарастыру;

3. Мәжбүрлі бақылауды дербес қылмыстық құрам ретінде криминализациялаған шетел заңнамаларын салыстырмалы-құқықтық талдау;

4. Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқықтық тетіктерінің тиімділігін бағалау;

5. Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықты жүйелік сипатта саралау тәсілін заңнамада бекітуге бағытталған нақты ұсыныстар тұжырымдау.

Зерттеудің объектісі – отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықпен қылмыстық-құқықтық тәсілмен күрес жүргізу барысында туындайтын қоғамдық қатынастар жүйесі.

Зерттеу пәні – Қазақстан Республикасы мен шетел мемлекеттерінің қылмыстық заңнамаларында отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті реттейтін нормалар, сондай-ақ аталған қылмыстарды саралауға қатысты теориялық-құқықтық тұжырымдамалар.

Зерттеу гипотезасы: инциденттік тәсілден жүйелік деликт тұжырымдамасына көшу жәбірленушілерге тиімді қылмыстық-құқықтық қорғауды қамтамасыз етеді.

Әдебиетке шолу

Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қылмыстық-құқықтық жауап беру мәселесі соңғы бірнеше онжылдық бойы зерттеушілер назарында. Бұл салада жүйелі құбылыс ретінде зорлықты түсінуге елеулі үлес қосқан ғалымдардың бірі – Л. Уокер. Ол 1979 жылы зорлық циклі теориясын ұсынып, тұрмыстық зорлықты үш өзара жалғасатын және қайталанып отыратын фазадан тұратын үдеріс ретінде сипаттады: шиеленістің артуы, қатты зорлық әрекеті және кешірімге келу кезеңі [3]. Бұл теория алғаш рет тұрмыстық зорлық оқшауланған әрекеттер жиынтығы емес, қарым-қатынас аясында үнемі қайталанып отыратын циклдік үлгі екенін айқын көрсетті.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықты түсінудің жаңа кезеңі Э. Старктың еңбектерімен байланысты. Ол 2007 жылы мәжбүрлі бақылау (coercive control) тұжырымдамасын ұсынды. Л. Уокер ұсынған зорлық циклі теориясы тұрмыстық зорлықтың уақыт пен жағдайға тәуелді қайталанбалы табиғатын алғаш рет ғылыми пайымдаудың нысанына айналдырып, оның ішкі динамикасын кезеңдік құрылым ретінде зерделеуге мүмкіндік берді. Дегенмен, бұл теория зорлық құбылысының тек сыртқы, яғни физикалық әрекеттер арқылы айқындалатын көріністерін сипаттаумен шектеліп, жәбірленушіге бағытталған ұзақ мерзімді үстемдік пен ықпал етудің психологиялық, экономикалық және әлеуметтік қырларын толық ашып көрсете алмайды. Осы тұрғыдан алғанда, Уокер тұжырымдамасы «не орын алады» деген сауалдың мазмұнын тарқатқанымен, «қалайша ол тұтас бір жүйеге ұласады» деген іргелі мәселені терең талдаусыз қалдырады.

Аталған теориялық олқылық Э. Старк негіздеген мәжбүрлі бақылау тұжырымдамасы аясында мазмұндық толықтыруға ие болады. Старк пайымдауынша, тұрмыстық зорлықтың өзегі жекелеген күш көрсету әрекеттерінде емес, керісінше, жәбірленушінің еркіндігін, дербестігін және күнделікті тіршілік кеңістігін біртіндеп шектейтін, жүйелі түрде орнығатын мінез-құлық үлгісінде жатыр [4]. Осы ретте Уокер сипаттаған зорлық циклі кезеңдері – шиеленіс, шабуыл және уақытша үйлесімге келу – Старк теориясы тұрғысынан қарастырғанда, бақылау тетігінің өзара сабақтас буындары ретінде

көрінеді: күш қолдану үстемдікті бекіту құралы қызметін атқарса, ал уақытша жұмсару сәттері жәбірленушінің ішкі тәуелділік күйін сақтап, оны сол шеңберде ұстап тұруға бағытталады.

Осы екі теориялық бағыттың тоғысуы тұрмыстық зорлықты жекелеген оқиғалар тізбегі ретінде емес, бір мақсатқа – толық бақылау орнатуға – бағындырылған, уақыт өте келе тұтастық сипатқа ие болып, жинақтала келе күрделі зиян келтіретін құбылыс ретінде пайымдауға негіз қалайды.

Мерсисайд полициясының деректеріне жүргізілген зерттеу нәтижелері Старк тұжырымдамасының эмпирикалық негізін айғақтайды. Аталған мәліметтер бойынша, мәжбүрлі бақылауға ұшырағандардың 95%-ын әйелдер құраған, ал жағдайлардың 63%-ында физикалық зорлық элементтері бақылаушы мінез-құлықпен қатар жүрген [5].

Қылмыстану ғылымында отбасылық зорлық-зомбылықтың тетіктерін түсіндіруге бағытталған бірнеше теориялық бағыт қатар дамыды. Байланыс теориясы агрессордың әрекетін балалық шақта бастан кешкен тәжірибелер негізінде қалыптасатын жақын қарым-қатынас үлгілері арқылы түсіндіреді. Алмасу теориясы [6] адам зорлық әрекетіне ол өз пайдасын ықтимал шығыннан артық деп бағалаған жағдайда ғана барады деген ұстанымға сүйенеді. Әлеуметтік үйрену теориясы зорлық-зомбылық мінез-құлқының ұрпақтан ұрпаққа берілетіндігін алға тартады.

Осы қатарда феминистік теория отбасылық зорлық-зомбылық пен қоғамдағы билік құрылымдары арасындағы байланысты талдай отырып, мұндай әрекеттерді қоғамдық теңсіздіктің көрінісі ретінде сипаттайды [7]. Бұл теория тұрмыстық зорлық-зомбылықты жекелеген мінез-құлық емес, жүйелі әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырады.

Отбасылық зорлықты қылмыстық-құқықтық тұрғыда бағалау мәселесі ғылымда кең көлемді пікірталасқа ұласқан. К. Бэйли өз зерттеуінде феминистік қозғалыстар ықпалымен қалыптасқан қылмыстық саясаттардың жәбірленуші автономиясына кері әсер ету парадоксын сипаттап берген. Ол бұл саясаттардың түпкі ниеті жәбірленушіні қорғау болса да, кейде оның дербес шешім қабылдау құқығын шектеп, қауіпсіздікті таңдауға мәжбүр ететінін атап көрсетеді [8].

Ал Л. Гудмарк одан да өткір мәселе көтеріп, отбасылық зорлықты декриминализациялау мүмкіндігін қарастыруды ұсынған. Ол қылмыстық жаза жүйесінің әлеуметтік жағынан осал топтарға тигізетін теріс әсерін алға тартып, балама тәсілдерді іздеуге шақырған [9].

Ғылыми дискурста отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимылдың үш баламалы үлгісі орныққан, олардың әрқайсысы құқықтық саясаттың әртүрлі парадигмалық бағдарларын бейнелейді. Бірінші бағыт – декриминализация моделі. Гудмарк тұжырымдаған ұстанымға сәйкес, қылмыстық әділет жүйесі әлеуметтік тұрғыдан осал топтарға, атап айтқанда кедейлік шегіндегі, этникалық азшылыққа жататын немесе құқықтық мәртебесі тұрақсыз жәбірленушілерге қосымша қауіп төндіруі ықтимал. Қылмыстық процеске тартылу олардың жағдайын күрделендіріп, құқықтық қорғалудан гөрі жаңа тәуекелдер кеңістігін қалыптастырады. Осыған байланысты бұл тәсіл отбасылық зорлық-зомбылықты қылмыстық-құқықтық репрессия шеңберінен шығарып, әлеуметтік қолдау, кеңес беру және медиациялық тетіктер арқылы реттеуді ұсынады.

Екінші бағыт – азаматтық-құқықтық модель. Бұл парадигма жәбірленушіге қорғаушылық бұйрықтар алу, зиянды өтеуді талап ету және азаматтық сот ісін жүргізу арқылы құқықтарын қорғау мүмкіндігін береді. Мұндай тәсілдің ерекшелігі – жәбірленушінің

процестік дербестігін сақтай отырып, оның құқықтық таңдау еркіндігін кеңейтуінде. Алайда бұл модельдің ықпал ету әлеуеті, ең алдымен, агрессордың мінез-құлқын трансформациялауға бағытталған пәрменді тетіктердің жеткіліксіздігімен шектеледі.

Үшінші бағыт – ресторативтік әділет үлгісі. Бұл тәсіл қақтығысқа қатысушы тараптарды диалог кеңістігіне енгізіп, агрессордың жәбірленуші алдындағы жауапкершілігін тікелей мойындауына негізделеді. Оның мәні – жазалаудан гөрі қалпына келтіру логикасына сүйенуінде. Дегенмен, билік пен ресурстар теңсіздігі терең тамыр жайған отбасылық қатынастар жағдайында мұндай диалогтың шынайы теңдікке негізделуі әрдайым мүмкін бола бермейді, бұл оның қолданылу аясын едәуір шектейді.

Аталған үш тәсілдің әрқайсысы отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жүйелі, уақытқа созылған және жинақталмалы табиғатын толық көлемде қамти алмайды. Декриминализация үлгісі мемлекеттің қорғаушылық функциясын әлсіретіп, зорлықты жеке кеңістік шеңберінде қалдыру қаупін туындатады. Азаматтық-құқықтық тәсіл мінез-құлықты өзгертуге бағытталған құрылымдық ықпал тетіктерінен шектеулі. Ал ресторативтік әділет үлгісі теңсіздік жағдайында шынайы әділеттілікке қол жеткізу мүмкіндігін әрдайым қамтамасыз ете алмайды.

Осы тұрғыда жүйелік деликт тұжырымдамасы отбасылық зорлық-зомбылықты жекелеген оқиғалардың жиынтығы ретінде емес, уақыт ағымында күрделене түсетін, ішкі байланысы бар тұтас құқыққа қарсы мінез-құлық ретінде пайымдауға мүмкіндік береді. Бұл модель мемлекеттің қорғаушылық рөлін сақтай отырып, зорлықтың кумулятивтік табиғатын кешенді бағалауға жағдай жасайды және құқық қолдану тәжірибесінде неғұрлым дәйекті, теориялық тұрғыдан негізделген амал ретінде көрініс табады.

Э. Эрез өз еңбектерінде қылмыстық әділет жүйесінің отбасылық зорлыққа реакциясының эволюциясын кешенді түрде талдап, тек ХХ ғасырдың соңында ғана бұл құбылыстың құқық қорғау жүйесінің араласуын талап ететін қылмыс ретінде ресми танылғанын көрсетеді [10].

Посткеңестік құқықтық кеңістікте отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі ұзақ уақыт бойы ғылыми дискурстың шеткері аймағында қалып келген. Бұл салада қылмыстылықты жүйелі құрылым ретінде қарастырып, жүйелік тәсілдің қылмыстану ғылымындағы маңызын негіздеген зерттеушілердің бірі – С.В. Иванцов болды [11]. Ол қылмыстылықты ерекше жүйе ретінде зерделеуге арналған әдістемелік негіз ұсынған. Ал В.П. Коняхин жүйелі-құрылымдық талдау негізінде Ресей Федерациясының қылмыстық құқығының Жалпы бөлімінің теориялық тұғырын қалыптастырды [12].

Дегенмен, осы ғылыми ізденістерге қарамастан, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықты қылмыстық-құқықтық тұрғыда жүйелік деликт ретінде саралау мәселесі әлі де терең зерттеуді қажет етеді. Қазақстандық зерттеушілер бұл тақырыпты негізінен қылмыстанулық тұрғыда қарастырып, оның әлеуметтік себептері мен алдын алу шараларына назар аударып келеді. Алайда, қылмыстық-құқықтық саралау жүйесінде бұл құбылысты тұтас, ұзақ мерзімді деликт ретінде қарастыру ғылыми ізденістің нысанына айналған жоқ.

Осылайша, әдебиеттерге жасалған шолу келесі негізгі олқылықтарды анықтауға мүмкіндік береді:

1. Қылмыстық-құқықтық жүйелік деликт тұжырымдамасының отбасылық-тұрмыстық зорлық контекстінде теориялық тұрғыдан негізделмеуі;

2. Мәжбүрлі бақылауды қылмыстандыру үлгілеріне жүргізілген салыстырмалы құқықтық талдаудың жеткіліксіздігі;

3. Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасына жүйелік тәсілді енгізу бойынша нақты ұсыныстардың жоқтығы.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Бұл зерттеу кешенді әдіснамалық негізге сүйенеді. Мәселенің пәнаралық сипатта болуы және алынған нәтижелердің жан-жақтылығы мен ғылыми негізділігін қамтамасыз ету қажеттігі бірнеше өзара толықтырып отыратын ғылыми таным әдістерін біріктіруді талап етті.

Зерттеу шеңберінде төмендегідей өзекті ғылыми сұрақтар тұжырымдалды:

1. Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықты жүйелік деликт ретінде саралауға мүмкіндік беретін негізгі сипаттар қандай?

2. Шет мемлекеттердің заңнамаларында мәжбүрлі бақылауды қылмыстық құрам ретінде тану қандай үлгілер арқылы жүзеге асырылған және олардың құқықтық қолдану әлеуеті қандай?

3. Жүйелік деликт тұжырымдамасын Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасына қандай жолмен интеграциялауға болады?

Зерттеу кезеңдері

Зерттеу жұмысы төрт негізгі кезеңнен тұрды:

Бірінші кезеңде, деликт ұғымының тарихи-құқықтық эволюциясы зерделенді: бұл түсі-ніктің Рим құқығынан бастап қазіргі құқықтық жүйелерге дейінгі дамуы мен қылмыстық құқықтағы жүйелілік категориясы теориялық тұрғыда талданды.

Екінші кезеңде, мәжбүрлі бақылауды қылмыстық құрам ретінде мойындаған мемлекеттердің заңнамасына салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізілді (Ұлыбритания, Ирландия, Шотландия және АҚШ-тың Гавайи штаты).

Үшінші кезеңде, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы қарастырылды, соның ішінде: Қылмыстық кодекс, 2009 жылғы «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заң және 2024 жылғы өзгерістер мен толықтырулар.

Төртінші кезеңде, алынған нәтижелер негізінде жүйелі синтез жүргізіліп, заңнаманы жетілдіруге бағытталған нақты ұсыныстар әзірленді.

Бұл зерттеуде бірнеше өзара толықтырып отыратын ғылыми әдістер қолданылды. Әдіснамалық тәсілдердің таңдауы зерттеу нысанының күрделілігімен және пәнаралық сипатымен түсіндіріледі.

Салыстырмалы-құқықтық әдіс әртүрлі юрисдикцияларда отбасылық зорлық-зомбылықты қылмыстық сипатта тану үлгілерін талдау үшін қолданылды. Салыстыру объектілері ретінде мыналар алынған: Ұлыбританияның 2015 жылғы Қауіпті қылмыстар туралы заңының 76-бөлімі (Serious Crime Act 2015, Section 76), онда мәжбүрлі және бақылаушы мінез-құлық қылмыс ретінде танылған; Шотландияның 2018 жылғы «Отбасылық зорлық-зомбылық туралы» заңы (Domestic Abuse (Scotland) Act 2018); Ирландияның 2018 жылғы отбасылық зорлық туралы заңының 39-бабы; АҚШ-тың Гавайи штатының 2021 жылғы заңы; Сондай-ақ Қазақстан Республикасының

Қылмыстық кодексіндегі 2024 жылғы өзгерістерді ескере отырып, 106, 107, 108-1 және 109-1-баптар.

Догматикалық әдіс нормативтік құқықтық актілер мәтінін талдау, құқықтық олқылықтар мен қайшылықтарды анықтау, сондай-ақ заң жобалау деңгейінде ұсынылатын нормаларды қалыптастыру мақсатында пайдаланылды.

Жүйелі-құрылымдық әдіс отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықты өзара байланысты элементтерден тұратын біртұтас құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Бұл әдіс зерттеу нысанын жүйелік деликт ретінде саралаудың теориялық негіздерін дәлелдеуге жағдай жасады.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау

«Деликт» термині (латынша *delictum* – құқықбұзушылық, теріс қылық) құқықтық ғылымда терең тарихи тамыры бар ұғым болып табылады. Рим құқығында деликттер публичтік (*delicta publica*) және жекелік (*delicta privata*) болып бөлінген. Біріншісі, мемлекеттің мүддесіне қол сұғу ретінде бағаланып, қылмыстық жауаптылыққа әкеп соққан; ал екіншісі, жекелеген тұлғалардың мүдделеріне қарсы жасалған әрекеттер ретінде қарастырылып, жеке жауаптылықпен шектелген.

Рим құқықтанушылары деликт пен қылмыстың арасында мәндік ұқсастық бар екенін мойындаған: қылмыстық әрекет те жәбірленуші пайдасына өтемақы өндіріп беретін сипатқа ие. Алайда, рим құқығы әрбір құқыққа қайшы әрекет үшін мүліктік зиянды өтеу туралы әмбебап қағидатты қалыптастырған жоқ, деликт ретінде тану үшін арнайы құқықтық норманың болуы қажет еді.

«Жүйелік деликт» ұғымын қылмыстық-құқықтық кеңістікте пайдалану әдіснамалық айқындық пен ұғымдық саралауды талап етеді. Дәстүрлі құқықтық доктринада «деликт» санаты азаматтық құқық шеңберінде орнығып, негізінен жеке тұлғаға келтірілген зиянды өтеу мәселелерімен сабақтастырылып келеді. Соған қарамастан, аталған терминнің қылмыстық-құқықтық өлшемде қолданылуы тарихи сабақтастыққа ие әрі теориялық тұрғыдан дәйектелген: Рим құқығы кезеңінде-ақ *delicta publica* – жария деликттер – мемлекет тарапынан жазаланатын, қоғамдық игілікке нұқсан келтіретін әрекеттер ретінде танылған.

Осы құқықтық дәстүрдің қисынды жалғасы іспетті ұсынылып отырған «жүйелік деликт» ұғымы қолданыстағы заңнамалық аппаратты алмастыруды немесе азаматтық-құқықтық құрылымды қылмыстық құқыққа тікелей көшіруді мақсат етпейді. Ол – отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық құбылысының ішкі мазмұны мен күрделі табиғатын ашуға бағытталған теориялық-талдамалық құрал. Бұл мағынада «жүйелік деликт» ұғымы Ұлыбритания заңнамасындағы *course of conduct* (мінез-құлықтың бірізді желісі) және орыс қылмыстық-құқықтық іліміндегі «жалғасып келе жатқан қылмыс» категорияларымен мазмұндық үндестік танытқанымен, олардың әрқайсысынан түбегейлі ерекшеленеді. Егер «жалғасып келе жатқан қылмыс» біртектес әрекеттердің үздіксіз қайталануын білдірсе, «жүйелік деликт» – табиғаты әрқилы (денелік, психологиялық, экономикалық) іс-әрекеттердің ортақ ниет пен бірыңғай мақсат – жәбірленушіге үстемдік жүргізу – аясында тоғысуын сипаттайды. Осы айырмашылық аталған құқықтық конструкциялардың мазмұндық шекарасын айқындап, олардың дербес теориялық мәртебесін негіздейді.

Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығындағы «жалғасып келе жатқан қылмыс» институты көрсетілген күрделі құбылысты толық қамти алмайды, өйткені ол бір ғана құрамға жататын, бір сипаттағы әрекеттердің тізбекті түрде жалғасуын талап етеді. Ал отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайында күш қолдану, психологиялық қысым көрсету, экономикалық тәуелділік тудыру сияқты әрекеттер әртүрлі құқықтық нормалармен реттеледі, кей жағдайда тіпті қылмыстық құқық шегінен тыс бағаланады. Осы себепті қолданыстағы құқықтық тетіктер мұндай әрекеттер жиынтығын біртұтас қылмыстық құрам ретінде кешенді түрде саралауға қабілетсіз болып отыр.

Зерттеуде ұсынылып отырған «жүйелік деликт» ұғымы теориялық құрылым, ол құқықбұзушылықты бір реттік акт емес, бір-бірімен тығыз байланысқан, қайталанатын әрекеттер жүйесі ретінде сипаттайды. Мұндай құқықбұзушылық біртұтас ниетпен, бір мақсатпен және нақты бір жәбірленушіге (немесе жәбірленушілер тобына) қарсы белгілі бір уақыт аралығында жүзеге асырылады.

Жүйелік деликт келесі конститутивтік (құраушы) белгілермен сипатталады:

1. Көптік сипаты бойынша бір ғана емес, бірнеше әрекеттің құқықбұзушылық құрылымына енуі;
2. Әрекеттер арасындағы тұрақты байланыс, жеке актілер бір-бірінен бөлек емес, бірізді әрі себептік байланыста;
3. Субъект пен объект тұтастығы – құқықбұзушылықты бір тұлға жүзеге асырады және ол бір жәбірленушіге бағытталған;
4. Мақсат бірлігі – барлық әрекеттер бірыңғай мақсатты көздейді;
5. Ұзақ мерзімділік – құқықбұзушылық белгілі бір уақыт аясында созылып, үзіліссіз жалғасады;
6. Кумулятивтік әсер – әрекеттердің жиынтығы жәбірленушіге тигізетін зиянның салмағын күшейтеді, ал жекелеген салдарлар арифметикалық тұрғыда қосылғаннан әлдеқайда ауқымды зиян келтіреді.

Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықты жүйелік деликт ретінде тану – теориялық және эмпирикалық деректермен негізделген көзқарас. Көптеген зерттеулер тұрмыстық зорлықты жекелеген оқшау оқиға ретінде бағалаудың шынайылықтан алшақ екенін айғақтайды.

Л. Уокердің зорлық циклі теориясы (1979) бұл құбылыстың қайталанатын үлгімен жүретінін көрсетті: зорлық-зомбылық – тұрақты түрде белгілі бір кезеңдермен қайталанып отыратын мінез-құлық формасы. Кейін бұл түсінікті Э. Старктың мәжбүрлі бақылау тұжырымдамасы (2007) одан әрі кеңейтіп, тұрмыстық зорлық тек физикалық әсермен шектелмейтінін дәлелдеді. Оның пайымдауынша, мұндай зорлыққа психологиялық қысым, экономикалық шектеу, әлеуметтік оқшаулау және жәбірленушінің күнделікті өмірін толық бақылауға алу әрекеттері де кіреді.

Эмпирикалық деректер бұл көзқарастың өміршеңдігін растайды.

Шетелдік сот тәжірибесі жүйелік деликт тұжырымдамасының тек теориялық құрылым ғана емес, құқық қолдану кеңістігінде нақты мазмұнға ие пәрменді категория екенін айқын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, Ұлыбританиядағы R v Challen [2019] ісі аталған бағыттағы іргелі прецеденттердің біріне айналып, құқықтық пайымдаудың мазмұнын жаңа деңгейге көтерді. Аталған іс бойынша жәбірленуші 2010 жылы жұбайын өлтіргені үшін кінәлі деп танылған болатын. Алайда апелляциялық сатыда ұсынылған жаңа дәлелдемелер – он жылдан астам уақыт бойы жалғасқан жүйелі психологиялық

қысым, әлеуметтік оқшаулау және экономикалық бақылау – істің мазмұнын мүлде өзге қырынан зерделеуге мүмкіндік берді.

Сот алқасы мәжбүрлі бақылаудың жәбірленушінің психикалық жай-күйіне тигізген жинақталған ықпалын кешенді түрде бағалай отырып, бұл құбылыстың жекелеген әрекеттердің жай қосындысы емес, тұтас бір ықпал ету құрылымы екенін мойындады. Осы арқылы мәжбүрлі бақылау дербес құқықтық бағалауды талап ететін, уақыт ағымында қалыптасатын мінез-құлық үлгісі ретінде айқындалды.

Ұқсас құқықтық үрдіс Шотландия тәжірибесінде де байқалады. 2018 жылы қабылданған «Отбасылық зорлық-зомбылық туралы» заң қолданысқа енгізілгеннен кейінгі алғашқы кезеңде қозғалған істердің басым бөлігінде құқықбұзушылық «мінез-құлық курсы» қағидаты негізінде қарастырылды. Атап айтқанда, істердің 85%-ында айыпталушыларға тек физикалық зорлық әрекеттері ғана емес, сонымен қатар психологиялық бақылау мен жәбірленушіні оқшаулауға бағытталған жүйелі ықпал ету тәсілдері де кінә ретінде тағылғаны тіркелген [Crown Office and Procurator Fiscal Service, 2020].

Бұл деректер құқықтық жаңғыртудың мазмұны формалды деңгейде қалып қоймай, нақты сот тәжірибесінде іске асырылып, құқықтық бағалау өлшемдерін түбегейлі өзгертуге ықпал ететінін аңғартады.

Күнделікті өмірді бақылауға алған агрессорлар жәбірленушіні өлтіру әрекетін басқа тұрмыстық агрессорларға қарағанда бес есеге дейін жиі жасайды. Сонымен қатар, отбасылық кісі өлтіру оқиғаларының 20%-ында физикалық зорлық алғашқы акт ретінде тіркелгенімен, оған дейін жүйелі бақылау мен қысым көрсету мінез-құлқы ұзақ уақыт бойы байқалған.

Осыған байланысты, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық жүйелік деликттің барлық конститутивтік белгілеріне ие:

1. Ол табиғаты әртүрлі (физикалық, психологиялық, экономикалық, әлеуметтік) бірнеше актілерден тұрады;

2. Бұл әрекеттер бірыңғай ниетпен – жәбірленушіге бақылау орнату және оны ұстап тұру мақсатында – жүзеге асырылады;

3. Әрекеттер бір субъект тарапынан жасалып, бір жәбірленушіге бағытталады;

4. Процесс уақыт жағынан ұзақ мерзімділікпен сипатталады;

5. Нәтижесінде туындайтын жиынтық зиян әрбір жеке актінің салдарын еселеп асып түседі, яғни кумулятивтік сипатқа ие болады.

Шетелдік тәжірибелерді талдау отбасылық зорлық-зомбылықтың жүйелік сипатына құқықтық тұрғыдан жауап беру бойынша бірнеше үлгіні айқындауға мүмкіндік береді.

Ұлыбритания мәжбүрлі бақылауды қылмыстық құрам ретінде алғаш рет мойындаған елдердің бірі болып саналады. 2015 жылы қабылданған «Қауіпті қылмыстар туралы» Заңның 76-бөлімі [13], осы саладағы маңызды құқықтық жаңалықтардың бірі.

Аталған нормаға сәйкес, жақын немесе отбасылық қарым-қатынастағы тұлғаға қатысты бақылаушы немесе мәжбүрлеуші мінез-құлық танытқан адамға қылмыстық жауаптылық көзделген. Бұл мінез-құлық жәбірленушіге елеулі зиян келтірген жағдайда жазаланады.

«Елеулі зиян» деп:

а) кем дегенде екі рет зорлық қолдану қаупін тудыратын жағдай;

ә) не болмаса күшті үрей, мазасыздық немесе күйзеліс туғызып, жәбірленушінің күнделікті өмір сүру салтына елеулі кедергі келтіретін әрекеттер танылуы мүмкін.

Аталған құқықбұзушылық үшін ең жоғарғы жаза бес жылға дейін бас бостандығынан айыру.

Bishop және Bettinson (2018) [14] жүргізген 18 істің сапалық шолуына сәйкес, бұл бап тарихи тұрғыда жинақталған зорлық үлгілеріне мәжбүрлеу мен бақылаудың көп қырлы элементтерін қамтыған жағдайларға дұрыс қолданылған. Көп жағдайда айыпталушыларға ұзақ мерзімді бас бостандығынан айыру жазалары тағайындалған.

Шотландияның 2018 жылғы «Отбасылық зорлық-зомбылық туралы» заңы (*Domestic Abuse (Scotland) Act 2018*) [15] отбасылық зорлық-зомбылыққа жүйелі көзқараспен қарауды заңнамалық деңгейде толық қамтыған үлгілердің бірі болып табылады. Аталған заң «мінез-құлық курсы» (*course of conduct*), яғни жәбірленушіге немесе бұрынғы серігіне зиян келтіруге бағытталған жүйелі әрекеттер тізбегін қылмыстық құқықбұзушылық ретінде қарастырады.

Шотландия үлгісінің ең маңызды ерекшелігі құқықтық анықтаманың кеңеюінде. Заң зорлық-зомбылықты тек физикалық әрекеттермен шектемейді. Ол сондай-ақ:

- 1) оқшаулау,
- 2) бақылау және қадағалау,
- 3) еркіндіктен айыру,

4) үркіту және қорқыту сияқты әрекеттерді де зорлық сипатындағы, қоғамдық қауіпті мінез-құлық ретінде айқындайды.

Заң бойынша, осындай жүйелі әрекеттер үшін ең жоғарғы жаза ретінде 14 жылға дейін бас бостандығынан айыру қарастырылған. Бұл норманың қаталдығы отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жүйелі сипатының айрықша қоғамдық қауіп төндіретін құбылыс ретінде танылғанын көрсетеді.

Америка Құрама Штаттарында мәжбүрлі бақылауды қылмыстық-құқықтық тұрғыда тану процесі әлі де қалыптасу кезеңінде. 2025 жылға дейінгі жағдай бойынша Гавайи штаты мәжбүрлі бақылауды тікелей қылмыстық құқықбұзушылық ретінде танитын жалғыз юрисдикция. Мұнда 2021 жылы бес жылдық пилоттық бағдарлама аясында мәжбүрлі бақылау ұсақ құқықбұзушылық (*petty misdemeanor*) ретінде қылмыстық саралауға жатқызылған.

Ал Нью-Йорк штатында мәжбүрлі бақылауды Е санатындағы қылмыс (*class E felony*) ретінде тануды көздейтін заң жобасы қаралуда. Бұл жағдайда ең жоғарғы жаза төрт жылға дейін бас бостандығынан айыру.

Дегенмен, көптеген штаттар мәжбүрлі бақылауды азаматтық және отбасылық заңнама шеңберінде ғана реттеумен шектеледі. Яғни, ол:

- Отбасылық зорлық-зомбылықтың анықтамасына енгізіледі;
- Қорғау бұйрықтарын (*restraining orders*) шығару кезінде;
- Балаларға қамқорлық және қорғаншылық мәселелерінде ескеріліп отырады.

Алайда бұл тәсілдер қылмыстық жауаптылыққа тікелей алып келмейді, тек жанама құқықтық құрал ретінде қызмет етеді.

Жүргізілген салыстырмалы-құқықтық талдау шетелдік құқықтық үлгілерді Қазақстанның ұлттық жүйесіне механикалық түрде көшіруді көздемейді. Ұлыбритания мен Шотландия құқықтық тәртіптері *common law* дәстүріне сүйенсе, Қазақстан континенталдық құқықтық отбасы шеңберінде дамып келеді; осы айырмашылық дәлелдемелік стандарттарда, прокурорлық қызметтің ұйымдастырылуында және сот тәжірибесінің мәдени-әдіснамалық негіздерінде айқын көрініс табады. Мұндай институционалдық өзгешеліктер құқықтық нормаларды тікелей көшірудің шектеулігін көрсетеді.

Сонымен бірге салыстырмалы талдаудың мазмұны құқықтық мимикрияға емес, *de lege ferenda* – болашақ құқықтық реттеудің бағдарларын айқындауға бағытталады. Осы қырынан алғанда, *Serious Crime Act 2015* және *Domestic Abuse (Scotland) Act 2018* тәрізді актілер жүйелік тәсілді нормативтік деңгейде бекітудің техникалық тұрғыдан іске асырылатындығын көрсетеді. Бұдан бөлек, мұндай құқықтық модельдердің қолданылуы нақты сот тәжірибесінде өлшенетін нәтижелерге жеткізетінін аңғартады: атап айтқанда, Шотландияда 2018 жылғы заң күшіне енгеннен кейін істердің басым бөлігінде мінез-құлықтың жүйелі сипаты дәлелденгені тәжірибелік тиімділіктің көрінісі ретінде бағаланады.

Аталған тәжірибелер қатарында континенталдық құқықтық дәстүрге жататын Ирландияның 2018 жылғы заңнамалық шешімдері Қазақстан жағдайына мазмұндық жағынан анағұрлым жақын үлгі ретінде көрінеді. Кодификацияланған қылмыстық заңнама негізінде жүйелік тәсілді енгізу бұл елде де құқық қолдану тәжірибесіне бейімделген және институционалдық тұрғыдан үйлесімді жүзеге асырылған. Осы тұрғыдан алғанда, шетелдік құқықтық үлгілер дайын нормаларды сырттан енгізудің құралы емес, керісінше, ұлттық құқықтың ішкі логикасы мен ерекшеліктерін сақтай отырып, жүйелік тәсілдің тиімділігін теориялық әрі практикалық деңгейде негіздеуге мүмкіндік беретін әдіснамалық ресурс ретінде танылады.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын талдау 2024 жылғы елеулі реформаларға қарамастан, құқықтық реттеудің инциденттік тәсілге негізделгенін көрсетеді.

Қылмыстық кодекстің 108-1-бабы («Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру») және 109-1-бабы («Ұрып-соғу») – жекелеген физикалық әрекеттерді қылмыс ретінде қарастырады. Алайда, бұл нормаларда зорлық-зомбылықтың жүйелі мінез-құлық үлгісі ретінде саралануы немесе оның біртұтас қылмыстық құрам ретінде қарастырылуы көзделмеген [16].

Сонымен қатар, 2009 жылғы «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» Заңда [17] зорлық-зомбылықтың төрт түрі физикалық, психологиялық, экономикалық және жыныстық ажыратылып көрсетілген. Алайда бұл нысандар қылмыстық құқық аясында біріктірілген жүйелі құқықбұзушылық ретінде танылмайды.

Human Rights Watch ұйымы 2024 жылғы қабылданған өзгерістерге баға бере отырып, бұл түзетулер отбасылық зорлық-зомбылықты Қылмыстық кодексте немесе арнайы заңда дербес қылмыстық құрам ретінде танымағанын атап өтті.

Осыған орай, Қазақстандағы құқықтық реттеу әлі де болса әрекетке негізделген (оқиғалық) үлгіде қалып отыр және жүйелі зорлық-зомбылықты жеке қылмыс ретінде қарастыру тетіктері әлі енгізілген жоқ.

2011 жылғы Еуропа кеңесінің Стамбұл конвенциясы әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық пен отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және онымен күрес мәселелеріне арналған, құқықтық тұрғыдан міндетті алғашқы халықаралық шарт болып табылады. Конвенцияда осы саладағы кешенді құқықтық стандарттар бекітілген.

Конвенцияның 3(b)-бабына сәйкес, отбасылық зорлық-зомбылық – бұл отбасы немесе бір шаңырақ астында өмір сүретін адамдар арасында, соның ішінде бұрынғы немесе қазіргі жұбайлар мен серіктестер арасында (бірге тұрғаны маңызды емес), жасалатын физикалық, сексуалдық, психологиялық немесе экономикалық сипаттағы әрекеттердің жиынтығы ретінде айқындалады.

Конвенцияның басты қағидаларының бірі 46-бапта көрініс тапқан. Онда зорлық әрекеті: бұрынғы немесе қазіргі жұбайға, отбасы мүшесіне, жәбірленушімен бірге тұратын тұлғаға қатысты жасалғанда, немесе өкілеттілікті асыра пайдалану жағдайында жүзеге асқанда, мұндай мән-жайлар жауаптылықты ауырлататын факторлар ретінде қарастырылуы тиіс екендігі нақты көрсетілген.

Конвенция әйелдерге қатысты әртүрлі зорлық түрлерін қылмыстық әрекет ретінде қарастыруды талап етеді. Атап айтқанда: психологиялық қысым (33-бап), қудалау (34-бап), физикалық күш қолдану (35-бап), сексуалдық сипаттағы зорлық (36-бап), мәжбүрлі неке (37-бап) және басқа да нысандар.

Әрине, Қазақстан бұл Конвенцияға қосылған мемлекеттердің қатарында емес. Алайда Стамбұл конвенциясы халықаралық құқықта салааралық стандартқа айналған және оның нормаларына бүгінгі таңда көптеген елдердің заң шығарушылары сүйенеді.

Конвенцияның орындалуын бағалайтын GREVIO сарапшылар тобы өз баяндамаларында отбасылық зорлық-зомбылықты саралауда оның жүйелі сипатын міндетті түрде ескеру қажеттігін бірнеше рет атап көрсеткен.

Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық соттың (АҚЕС) қалыптастырған құқықтық практикасы мемлекеттердің азаматтарды мемлекеттік емес субъектілер тарапынан жасалатын құқықбұзушылықтардан, соның ішінде жеке өмір саласына қатысты әрекеттерден қорғау жөніндегі позитивтік міндеттемелерін айқындап берді.

Атап айтқанда, Еуропалық конвенцияның:

1) 2-бабы (Өмір сүру құқығы) және

2) 3-бабы (Адамгершілікке жатпайтын немесе қорлайтын қарым-қатынасқа тыйым салу) мемлекеттерді өз юрисдикциясындағы тұлғалардың өмірі мен қадір-қасиетін қылмыстық әрекеттерден қорғау үшін алдын алу сипатындағы нақты және пәрменді шаралар қабылдауға міндеттейді.

Сот тәжірибесінде, егер белгілі бір тұлғаның өмірі басқа адам тарапынан жасалуы мүмкін қылмыстық әрекет нәтижесінде қауіп-қатерге ұшыраса, мемлекет сол қатерді болдырмау үшін оперативтік және тиімді шараларды қолға алуы тиіс деп танылған.

Сонымен қатар, АҚЕС зорлық-зомбылықтың жыныстық сипаттағы уәждері туралы күдік туындаған жағдайда, құзырлы органдар тарапынан тергеу ерекше мұқияттықпен жүргізілуі керек екенін нақты көрсеткен. Мұндай талап агрессордың мінез-құлқын жүйелі түрде талдауды, яғни оқшау оқиғалардан гөрі ұзақ мерзімді үрдістер мен бақылау үлгілерін бағалауды қажет етеді.

Бұл тәсіл жүйелік зорлық-зомбылықты тиімді анықтау мен жауаптылыққа тартудың халықаралық-құқықтық негізін құрайды.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің статистикалық мәліметтері қабылданған заңнамалық реформалардың екі ұшты нәтижелерін көрсетеді.

Бір жағынан, 2017 жылы қабылданған ұрып-соғу және денсаулыққа жеңіл зиян келтіру әрекеттерін қылмыстық юрисдикциядан әкімшілік жауаптылық саласына ауыстырған декриминализация тәжірибесі тиімсіз деп танылды. Бұл ретте мұндай әрекеттер, әсіресе отбасылық-тұрмыстық қатынастар аясында, қылмыстық жауаптылық шеңберіне қайта енгізілді. Бұл өзгеріс 2024 жылғы түзетулермен бекітіліп, қылмыстандыру қайтарылды.

Екінші жағынан, заңның күшіне енуінен кейін отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты тіркелген қылмыстық құқықбұзушылықтар саны 16,2%-ға артқан. 2024 жылы бұл бағытта 2 556 іс тіркелген. Сол жылы ел көлемінде ұрып-соғу және жеңіл зиян келтіру фактілері бойынша шамамен 7 000 қылмыстық іс қозғалған.

Бұдан өзге, отбасылық зорлық-зомбылық туралы жыл сайын құқық қорғау органдарына 100 000-нан астам өтініш түседі, ал күніне шамамен 300 әйел полициядан көмек сұрауға мәжбүр болады.

2025 жылғы деректер бойынша: 96 194 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылған, оның ішінде 29 000-нан астамы қамауға алынған; 84 000-нан астам қорғау ұйғарымы шығарылған; 20 900-ден астам шектеу талабын бұзу әрекеттері тоқтатылған.

Сондай-ақ: 363 адамға Қылмыстық кодекс шеңберінде ерекше міндеттер жүктелген, 307 адамға жәбірленушіге жақындауға тыйым салынған, 44 адам уақытша тұрғын үйден шығарылған, 790 тұлғаға психологиялық түзету курстарынан өту міндеттелген.

Бұл көрсеткіштер реформалардың нақты қолданылу аясын және құқықтық механизмдердің әлеуетін бағалауға мүмкіндік береді.

Қолданыстағы статистикалық деректерді талдау отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықты бағалаудағы құрылымдық мәселелерді айқын көрсетеді.

Бүгінде қылмыстық істердің басым бөлігі нақты физикалық әрекеттерге қатысты жекелеген баптар бойынша сараланып, жүйелі мінез-құлық үлгісі – бұл мәжбүрлеу мен бақылауға құрылған үлгілер құқықтық бағалаудан тыс қалып отыр.

Қолданыстағы заңнама жәбірленуші жылдар бойы бір тұлғаның тарапынан физикалық, психологиялық және экономикалық сипаттағы тұрақты қысымға ұшыраған жағдайларды біртұтас қылмыстық құқықбұзушылық ретінде бағалауға мүмкіндік бермейді.

Нәтижесінде, әрбір жеке эпизод оқшау әрекет ретінде қаралып, бұл:

- 1) Құқықбұзушылықтың қоғамдық қауіптілік деңгейін төмен бағалауға,
- 2) Тағайындалатын жазаның жеткіліксіздігіне,

3) Және соның салдары ретінде қайталап құқық бұзу деңгейінің жоғары болуына алып келеді.

Мұндай тәсіл отбасылық зорлық-зомбылықтың шынайы табиғатын ескере алмайды және қылмыстық-құқықтық саясаттың тиімділігіне кедергі келтіреді.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 108-1-бабының диспозициясы қазіргі редакциясында отбасылық-тұрмыстық қатынастар шеңберіндегі жәбірленушіні жеке дара атап көрсетпейді. Норма денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру жағдайларын жалпылама түрде сипаттайды, бұл өз кезегінде отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарын нақты құқықтық қорғау нысанынан тыс қалдырады.

Аталған бапта тұрмыстық контекст, жәбірленуші мен агрессор арасындағы тәуелділік қатынастары, жүйелі мінез-құлық үлгісі және кумулятивтік әсер сияқты осы санаттағы қылмыстардың ерекше белгілері ескерілмеген.

Мұндай олқылық қылмыстық әділет жүйесінің осы сипаттағы құқықбұзушылықтарға барабар және кешенді ден қоюына мүмкіндік бермейді. Сондай-ақ, бұл жәбірленушіні дұрыс құқықтық саралаудан және тиісті қорғаныс тетіктерінен айыра отырып, жүйелі зорлықтың нақты қауіпін елеусіз қалдыруға себеп болады.

Жүргізілген зерттеу негізінде Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне «Жүйелі отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық» атты жеке қылмыстық құрам енгізу ұсынылады. Бұл норма жүйелік деликт тұжырымдамасына негізделуі тиіс.

Құрамның объектісі – отбасылық-тұрмыстық қатынастар аясында адамның денсаулығы, еркіндігі, қадір-қасиеті мен физикалық және психикалық қол сұғылмаушылығын қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастардың жиынтығы. Қолданыстағы Қылмыстық кодекстің жекелеген баптары бұл қатынастардың тек белгілі бір аспектілерін қорғайды

(мысалы, 108-1-бап – денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру, 109-1-бап – ұрып-соғу), ал ұсынылып отырған құрам олардың өзара байланысын ескере отырып, зорлық-зомбылықтың жүйелі сипатын қамтиды.

Объективтік жағы – отбасылық немесе жақын қарым-қатынастағы тұлғаға қатысты белгілі бір уақыт аралығында кемінде үш рет қайталанатын, мәжбүрлеу мен бақылауға негізделген әрекеттерді жүйелі түрде жасау. Мұндай әрекеттерге түрлі сипаттағы зорлық формалары жатады: физикалық күш қолдану, психологиялық қысым (қорқыту, кемсіту, оқшаулау), экономикалық бақылау (қаржы ресурстарын шектеу, табысқа қол жеткізуді болдырмау), жүріп-тұруды немесе байланыс құралдарын бақылау, сондай-ақ жыныстық мәжбүрлеу.

«Кемінде үш рет» деген сандық меженің іріктелуі заңнамалық техника тұрғысынан арнайы уәждеуді қажет етеді. Салыстырмалы-құқықтық кеңістікте Serious Crime Act 2015 және Domestic Abuse (Scotland) Act 2018 актілері нақты сандық табалдырықты бекітпейді; олар «мінез-құлық курсы» ұғымына сүйене отырып, жүйелілікті сапалық өлшемдер арқылы айқындайды. Бұл тәсіл құқықтық бағалаудың икемділігін қамтамасыз еткенімен, қылмыстық іс жүргізу тәжірибесінде дәлелдемелік айқындықты әрдайым толық дәрежеде қамтамасыз ете бермейді.

Ұлыбританияның Serious Crime Act 2015 және Шотландияның Domestic Abuse (Scotland) Act 2018 нормативтік актілерін сыни зерделеу олардың құқықтық жаңашылдығымен қатар, бірқатар теориялық әрі қолданбалы шектеулерін де айқын көрсетеді. Ең әуелі назар аударатын мәселе – дәлелдеу ауыртпалығының сипаты. Аталған заңнамалық үлгілер «мінез-құлық курсы» тұжырымдамасына сүйенетіндіктен, айыптаушы тарапқа зорлық-зомбылықтың жүйелі, жалғасымды табиғатын біртұтас дәлелдер жиынтығы арқылы негіздеу міндеті жүктеледі. Ал тәжірибеде бұл талап жәбірленушіден бірнеше жылға созылған оқиғаларды егжей-тегжейлі қайта жаңғыртуды талап етіп, куәлік беру үдерісін психологиялық тұрғыдан күрделі әрі ауыр сынаққа айналдырады.

Келесі түйткіл – құқық қолдану органдарының мәжбүрлі бақылау феноменін дұрыс құқықтық тұрғыда саралау машығының жеткілікті деңгейде қалыптаспауы. 2023 жылғы Crown Prosecution Service деректері көрсеткендей, мәжбүрлі бақылауға қатысты қозғалған істердің елеулі бөлігі сотқа дейінгі кезеңде тоқтатылған. Оның басты себебі – тергеу жүргізуші тұлғалардың жекелеген, оқшау физикалық зорлық әрекеттерін жүйелі сипаттағы мінез-құлықтан ажырата алмауы, яғни құқықтық квалификациядағы әдіснамалық әлсіздік.

Үшінші мәселе – экономикалық бақылаудың құқықтық өлшемдерінің жеткілікті дәрежеде нақтыланбауы. Бұл жағдай қаржылық қысымның жасырын әрі күрделі нысандарын дәлелдеуді қиындатып, оларды құқықтық бағалауда бірізділіктің болмауына әкеледі. Экономикалық зорлық көбіне тікелей көрініс таппайтындықтан, оның дәлелдемелік базасын қалыптастыру қосымша әдіснамалық құралдарды қажет етеді.

Осы олқылықтарды ескере отырып, ұсынылып отырған қазақстандық үлгі сандық табалдырықты («кемінде үш рет») сапалық өлшемдермен ұштастыра қолдануды көздейді. Мұндай үйлесім дәлелдемелік айқындықты арттырумен қатар, құқық қолдану тәжірибесінде бірізділік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған.

Қазақстандық құқық қолдану аясында жүйелілікті белгілеу үшін тек сапалық сипаттамаларға сүйену тергеу мен сот органдары үшін жеткіліксіз болуы ықтимал, өйткені құқықтық саралау өлшенетін, тексерілетін және қайталанатын критерийлерді

талап етеді. Осы қажеттіліктен туындай отырып, үш эпизодтан кем емес әрекеттер жиынтығы кездейсоқ қайталануды жүйелі мінез-құлық моделінен ажырататын ең төменгі прагматикалық шек ретінде ұсынылады. Мұндай сандық межелеу құқық қолдану тәжірибесінде бірізділікті қамтамасыз етуге, дәлелдемелерді құрылымдауға және фактілік жағдайларды жүйелі түрде бағалауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар «кемінде» деген лексикалық формула ұсынылып отырған шектің абсолюттік емес екенін білдіреді. Нақты істің мән-жайларына байланысты, егер екі эпизодтың өзара себептік байланысы, ішкі қисыны және бірыңғай ниетпен ұштасуы жеткілікті деңгейде дәлелденсе, жүйелілік белгісі сол екі әрекет аясында да танылуы мүмкін. Демек, үш оқиға – шекті шеңбердің жоғарғы емес, төменгі деңгейін білдіретін, құқық қолдану тәжірибесіне бағдар беретін әдіснамалық бағдар.

Осы қылмыстық құрамда аталған формалардың барлығының бір мезгілде орын алуы міндетті емес. Кез келген бір форма аясында жүйелі түрде қайталанатын әрекеттердің жиынтығы, егер ол жәбірленушіге бақылау орнату мен үстемдік жүргізуге бағытталған мінез-құлық үлгісін құраса, қылмыстық жауаптылыққа негіз болуға тиіс.

Зерттеуде ұсынылып отырған қылмыстық құрамның субъективтік жағы тікелей ниетпен сипатталады, ол жәбірленушіге бақылау орнатуға және (немесе) оны сақтап тұруға бағытталған. Бақылау орнату мақсаты субъективтік құрамның міндетті элементі болып табылады және дәл осы белгі қылмыстық құқықбұзушылықтың жүйелі деликт ретінде саралануына негіз болады. Бұл сипат белгісіз, бір-бірімен байланысы жоқ жекелеген құқықбұзушылықтардан айырмашылықты қамтамасыз етеді.

Қылмыстың субъектісі – есі дұрыс, он сегіз жасқа толған жеке тұлға. Ол жәбірленушімен отбасылық қатынаста, бірлесіп тұрмыс жүргізу жағдайында немесе жақын қарым-қатынаста тұрған немесе тұрған болуы мүмкін.

Ұсынылып отырған құрам бойынша саралауды нақтылайтын бірқатар саралаушы белгілер де қарастырылуы қажет. Оларға келесі мән-жайлар жатады: құқықбұзушылықтың кәметке толмағандардың көзінше жасалуы; жәбірленушінің материалдық немесе өзге де тәуелді жағдайда болуы; қылмыс жасау кезінде қару немесе қару ретінде пайдалануға болатын заттарды қолдану; жәбірленушіге орташа ауырлықтағы дене жарақатын келтіру; сондай-ақ бұрын адамға қарсы қылмысы үшін сотталған тұлғаның әрекеті.

Қылмыстың ауырлататын ерекше жағдайлары ретінде келесі жағдайлар ұсынылады: жәбірленушінің ауыр жарақат алуы; жәбірленушінің қаза табуы; екі немесе одан да көп адамға қатысты қылмыстық әрекеттердің жасалуы.

Негізгі құрам бойынша жаза ретінде үш жылға дейінгі мерзімге бостандықты шектеу немесе бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру тағайындалуы мүмкін. Сонымен қатар, қосымша жаза түрінде жәбірленушіге жақындауға тыйым салу, психологиялық түзету бағдарламасынан өту міндеті қарастырылуы мүмкін. Квалификацияланған құрам үшін жаза үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру ретінде белгіленеді. Ал ауырлататын ерекше жағдайлар болған кезде жаза мерзімі бес жылдан он екі жылға дейінгі бас бостандығынан айыруды құрауы мүмкін.

Сонымен қатар, заңнаманы жетілдіру мақсатында бірқатар ілеспе өзгерістер енгізу ұсынылады.

Ұсынылып отырған жаңа қылмыстық-құқықтық құрамның қолданыстағы нормалар жүйесіндегі орнын айқындау құқықтық айқындық пен бірізділікті қамтамасыз етудің

қажетті шарты болып табылады. Қазіргі қолданыстағы Қылмыстық кодекстің 108-1-бабы (денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру) және 109-1-бабы (ұрып-соғу) отбасылық-тұрмыстық қатынастар аясында көрініс табатын жекелеген физикалық әрекеттерді қамти отырып, зорлық құбылысының тек фрагментарлық көріністерін құқықтық бағалауға мүмкіндік береді.

Осы тұрғыдан алғанда, «Жүйелі отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық» туралы жаңа бап аталған нормаларды ығыстыруды мақсат етпейді, қайта оларды мазмұндық тұрғыдан толықтырып, құқықтық реттеудің сапалық деңгейін кеңейтуді көздейді.

Біріншіден, 108-1 және 109-1-баптардың диспозицияларына арнайы ескертпе енгізу ұсынылады: егер осы баптарда көзделген әрекеттер жүйелі сипаттағы мінез-құлық үлгісінің құрамдас бөлігі ретінде анықталса, құқықтық саралау жаңа баптың негізінде жүзеге асырылуға тиіс. Мұндай тәсіл бір реттік сипаттағы құқықбұзушылықтарды жүйелі, уақыт ағымында қалыптасатын мінез-құлық құрылымынан нақты ажыратуға мүмкіндік береді.

Екіншіден, Қылмыстық кодекстің 106-бабы (қасақана орташа ауырлықтағы дене жарақатын келтіру) мен 107-бабына (қасақана ауыр дене жарақатын келтіру) қосымша саралаушы белгі енгізу ұсынылады. Атап айтқанда, «отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық контекстінде жүйелі мінез-құлық үлгісі шеңберінде жасалған» деген мән-жай норманың мазмұнын толықтырып, ауыр зардап келтірілген жағдайларда құқықбұзушылықтың жүйелік сипатын ескере отырып, жаза мөлшерін әділ әрі теңгерімді белгілеуге құқықтық негіз қалайды.

Үшіншіден, жаңа баптың қолданылу шегін нақтылау мақсатында Қылмыстық кодекске жүйелі мінез-құлық үлгісінің нормативтік анықтамасын енгізу қажеттігі туындайды. Осыған сәйкес, «жүйелі мінез-құлық үлгісі деп кемінде үш рет қайталанған, бірыңғай ниетпен өзара байланысқан және жәбірленушіге бақылау орнатуға бағытталған әрекеттер жиынтығы түсініледі» деген тұжырым құқықтық айқындықтың өлшемі ретінде қызмет етеді. Бұл анықтама норманың шамадан тыс кең түсіндірілуіне жол бермей, құқыққолданушы тәжірибеде нақты әрі өлшенетін критерийлерді басшылыққа алуға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде келесі негізгі тұжырымдар қалыптастырылды.

Жүргізілген зерттеу отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жүйелік деликт ретіндегі теориялық және нормативтік негіздерін айқындады. Зорлық циклі теориясы, мәжбүрлі бақылау тұжырымдамасы, шетелдік заңнамалық үлгілер мен халықаралық стандарттар бірлесіп мынаны дәлелдейді: инциденттік тәсіл бұл құбылысқа барабар жауап бере алмайды, ал жүйелік деликт моделі жәбірленушілерді тиімді қорғаудың нақты жолын ұсынады.

Мұндай әдіс қоғамдық қауіптілік деңгейін төмендетуге, жазаның жеткіліксіз болуына және жәбірленушіні тиісті қорғаудан айыруға алып келеді. Салыстырмалы-құқықтық шолу бірқатар елдерде (Ұлыбритания, Шотландия, Ирландия) жүйелік тәсілге негізделген тиімді құқықтық модельдер қабылданып, сәтті іске асырылып жатқанын көрсетті. Бұл тәжірибелер Қазақстанның құқықтық жүйесіне бейімделе алады.

Қазақстан Республикасындағы 2024 жылғы заңнамалық реформалар маңызды қадам болғанымен, жүйелі отбасылық зорлық-зомбылықты біртұтас қылмыстық құрам

ретінде мойындайтын дербес баптың жоқтығы негізгі құқықтық олқылық болып қалып отыр. Статистикалық деректер мәселенің ауқымды екенін және оқиғалық тәсілдің құқыққолдану тәжірибесінде жеткіліксіз нәтиже беріп отырғанын дәлелдейді.

Зерттеу аясында ұсынылған жаңа қылмыстық-құқықтық модель «Жүйелі отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық» бабы қылмыстық жауаптылықты нақтылауға, құқық-бұзушылықты кешенді бағалауға, әділ жаза тағайындауға және жәбірленушілерге тиімді құқықтық қорғау көрсетуге жол ашады. Бұл модель жүйелі деликт ұғымына негізделген және құрамында негізгі, саралау және аса саралау белгілер жүйесін қамтиды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы оның нәтижелері Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын жетілдіру бойынша заң жобаларын әзірлеу кезінде, сондай-ақ заңгер мамандар даярлау үдерісінде қолдануға болады. Теориялық маңыздылығы, қылмыстық-құқықтық жүйелі деликт ұғымын ғылыми айналымға енгізу және оның отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықты саралауға қолданылуын негіздеу арқылы айқындалады.

Болашақтағы зерттеулер ұсынылып отырған модельдің тиімділігін эмпирикалық тұрғыда бағалауға, мәжбүрлі бақылауды қылмыстандырған елдердің құқыққолдану тәжірибесін зерделеуге, сондай-ақ құқық қорғау органдарына арналған әдістемелік ұсынымдар әзірлеуге бағытталуы мүмкін.

Авторлардың қосқан үлесі

А.Р. Құттығалиева зерттеудің тұжырымдамасы мен құрылымын әзірледі, жүйелік деликттің теориялық моделін қалыптастырды, «Кіріспе» және «Нәтижелер мен оларды талқылау» бөлімдерін дайындады, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін жетілдіру бойынша заңнамалық ұсыныстарды тұжырымдады және мақалаға жалпы ғылыми жетекшілік етті.

С.Р. Ермұхаметова Ұлыбритания, Шотландия және АҚШ заңнамасына салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізді, халықаралық стандарттар мен Стамбұл конвенциясын зерттеді, «Әдебиеттерге шолу» бөлімін әзірледі, қолжазбаны ғылыми және мазмұндық тұрғыдан қайта қарап, редакциялады.

А.К. Есенғазиева Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәліметтерін жинап, статистикалық талдау жүргізді, ұлттық заңнама мен құқыққолдану тәжірибесін саралады, «Материалдар мен әдістер» және «Қорытынды» бөлімдерін дайындады.

Барлық авторлар мақала мәтінінің соңғы нұсқасымен танысып, оны жариялауға бірлесіп мақұлдады.

Әдебиеттер тізімі

1. Bailey, K.D. (2010) 'Lost in Translation: Domestic Violence, the Personal is Political, and the Criminal Justice System', *Journal of Criminal Law and Criminology*, 100(4), pp. 1255–1300.
2. Davies, P. and Barlow, C. F. (2024) 'Policing domestic abuse: the onus on first responders', *Policing and Society*, 34(7), pp. 627–640. doi: 10.1080/10439463.2024.2328173.
3. Walker L. E. A. Battered woman syndrome: Empirical findings // *Annals of the New York Academy of Sciences*. – 2006. – Т. 1087. – №. 1. – С. 142-157.
4. Blau, P.M. (1964) *Exchange and Power in Social Life*. New York: Wiley.
5. Dobash, R.E. and Dobash, R.P. (1992) *Women, Violence and Social Change*. London: Routledge.
6. Erez, E. (2002) 'Domestic Violence and the Criminal Justice System: An Overview', *Online Journal of Issues in Nursing*, 7(1), Manuscript 3.

7. Goodmark, L. (2018) Decriminalizing Domestic Violence: A Balanced Policy Approach to Intimate Partner Violence. Oakland: University of California Press.
8. Human Rights Watch (2024) Kazakhstan: New Law Protect Women Improved, Incomplete. <https://www.hrw.org/news/2024/04/23/kazakhstan-new-law-protect-women-improved-incomplete> (өтініш берген күні: 06.02.2026).
9. Logan, T., & Raphael, J. (2007). Book Review: Stark, E. (2007). Coercive Control: The Entrapment of Women in Personal Life. New York: Oxford University Press. Violence Against Women, 13(8), 885-890. <https://doi.org/10.1177/1077801207304805> (Original work published 2007).
10. Walker, L.E. (1979) The Battered Woman. New York: Harper & Row.
11. Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы N 214-IV Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000214_ (өтініш берген күні: 06.02.2026).
12. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 15 сәуірдегі № 72-VIII ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2400000072> (өтініш берген күні: 06.02.2026).
13. Иванцов, С.В. (2009) Обеспечение органами внутренних дел системного подхода в изучении и предупреждении организованной преступности: Монография. Москва: ЮНИТИ-ДАНА: Закон и право.
14. Коняхин, В.П. Теоретические основы построения Общей части российского уголовного права/ В.П. Коняхин. – СПб.: Юрид.центр. Пресс, 2002. – 348 с.
15. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (өтініш берген күні: 06.02.2026).
16. Council of Europe (2011) Convention on preventing and combating violence against women and domestic violence (Istanbul Convention), CETS No. 210. <https://rm.coe.int/168008482e> (өтініш берген күні: 06.02.2026).
17. Domestic Abuse (Scotland) Act 2018, asp 5. <https://www.legislation.gov.uk/asp/2018/5/contents> (өтініш берген күні: 06.02.2026).
18. Serious Crime Act 2015, c. 9, Section 76 (England and Wales). <https://www.legislation.gov.uk/ukpga/2015/9/section/76> (өтініш берген күні: 06.02.2026).

А.Р. Куттығалиева*¹, С.Е. Ермухаметова², А.К. Есенгазиева³

¹Жетысуский университет имени Ильяса Жансугурова, Талдықорган, Казахстан

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

³Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова, Уральск, Казахстан

(E-mail: ¹anarhan_8112@mail.ru, ²saulehan11r@mail.ru, ³esengazievaa@mail.ru)

Рассмотрение бытового насилия как системного деликта в уголовно-правовой сфере

Аннотация. Настоящая статья посвящена комплексному исследованию семейно-бытового насилия через призму концепции уголовно-правового системного деликта. Традиционное уголовное право рассматривает акты домашнего насилия как дискретные, изолированные правонарушения, что не отражает их истинной природы как устойчивой модели поведения, направленной на установление контроля над жертвой. В работе обосновывается необходимость перехода от инцидентного подхода к системному, при котором семейно-бытовое насилие квалифицируется как единый, пролонгированный деликт, охватывающий совокупность физических, психологических, экономических и сексуальных посягательств.

На основе сравнительно-правового анализа законодательства Республики Казахстан, Великобритании, США и ряда европейских государств а также международных стандартов (Стамбульская конвенция, рекомендации Комитета CEDAW) выявлены ключевые пробелы в правовом регулировании и предложена авторская модель криминализации семейно-бытового насилия как самостоятельного системного деликта. Методологическую основу исследования составляют сравнительно-правовой, догматический, системно-структурный и статистический методы. Результаты исследования свидетельствуют о том, что инцидентный подход неэффективен для противодействия домашнему насилию, а введение концепции системного деликта позволит обеспечить более полную уголовно-правовую охрану жертв и адекватную квалификацию деяний виновных лиц, а также повысить эффективность предупреждения повторных актов насилия.

Ключевые слова: семейно-бытовое насилие, системный деликт, уголовное право, принудительный контроль, криминализация, Стамбульская конвенция, инцидентный подход, паттерн насилия, уголовно-правовая квалификация.

A.R. Kuttygaliyeva^{*1}, S.R. Yermukhametova², A.K. Yessengaziyeva³

¹Zhetysu University named after Ilyas Zhansugurov, Taldyqorghan, Kazakhstan

²Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

³M. Utemisov West Kazakhstan University, Uralsk, Kazakhstan

(E-mail: ¹anarhan_8112@mail.ru, ²saulehan11r@mail.ru, ³esengazievaa@mail.ru)

Considering domestic violence as a systemic delict in the criminal law framework

Abstract. This article presents a comprehensive examination of domestic and family violence through the lens of the concept of a systemic criminal delict. Traditional criminal law tends to treat acts of domestic violence as discrete, isolated offences, which fail to capture their true nature as a persistent behavioural pattern aimed at establishing control over the victim. The paper substantiates the need to move from an incident-based to a systemic approach, whereby domestic violence is conceptualised as a single, prolonged delict encompassing a range of physical, psychological, economic, and sexual abuses.

Drawing upon a comparative legal analysis of the legislation of the Republic of Kazakhstan, the United Kingdom, the United States, and several European countries, as well as international standards (including the Istanbul Convention and CEDAW recommendations), the study identifies key gaps in legal regulation. It proposes an original model for the criminalisation of domestic violence as an independent systemic delict.

The methodological framework is based on comparative legal, dogmatic, systemic-structural, and statistical methods. The findings demonstrate that the incident-based approach is ineffective in addressing domestic violence and that the introduction of the systemic delict concept would enable more robust criminal law protection for victims, as well as more accurate legal classification of perpetrators' actions.

Keywords: Domestic violence, systemic delict, criminal law, coercive control, criminalisation, Istanbul Convention, incident-based approach, pattern of abuse, criminal law classification.

References

1. Bailey, K.D. (2010) 'Lost in Translation: Domestic Violence, the Personal is Political, and the Criminal Justice System', *Journal of Criminal Law and Criminology*, 100(4), pp. 1255–1300.
2. Davies, P. and Barlow, C. F. (2024) 'Policing domestic abuse: the onus on first responders', *Policing and Society*, 34(7), pp. 627–640. doi: 10.1080/10439463.2024.2328173.
3. Walker L. E. A. Battered woman syndrome: Empirical findings // *Annals of the New York Academy of Sciences*. – 2006. – Т. 1087. – №. 1. – С. 142-157.

4. Blau, P.M. (1964) Exchange and Power in Social Life. New York: Wiley.
5. Dobash, R.E. and Dobash, R.P. (1992) Women, Violence and Social Change. London: Routledge.
6. Erez, E. (2002) 'Domestic Violence and the Criminal Justice System: An Overview', Online Journal of Issues in Nursing, 7(1), Manuscript 3.
7. Goodmark, L. (2018) Decriminalizing Domestic Violence: A Balanced Policy Approach to Intimate Partner Violence. Oakland: University of California Press.
8. Human Rights Watch (2024) Kazakhstan: New Law Protect Women Improved, Incomplete. <https://www.hrw.org/news/2024/04/23/kazakhstan-new-law-protect-women-improved-incomplete>(өтиніш берген күні: 06.02.2026).
9. Logan, T., & Raphael, J. (2007). Book Review: Stark, E. (2007). Coercive Control: The Entrapment of Women in Personal Life. New York: Oxford University Press. Violence Against Women, 13(8), 885-890. <https://doi.org/10.1177/1077801207304805>(Original work published 2007).
10. Walker, L.E. (1979) The Battered Woman. New York: Harper & Row.
11. Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы N 214-IV Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000214>(өтиніш берген күні: 06.02.2026).
12. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әжелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырғандары туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 15 сәуірдегі № 72-VIII ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2400000072> (өтиніш берген күні: 06.02.2026).
13. Ivancov, S.V. (2009) Obespechenie organami vnutrennih del sistemnogo podhoda v izuchenii i preduprezhdenii organizovannoj prestupnosti: Monografiya. Moskva: YuNITI-DANA: Zakon i pravo.
14. Konyahin, V.P. Teoreticheskie osnovy postroeniya Obshej chasti rossijskogo ugolovnogogo prava / V.P. Konyahin. – SPb.: Yurid. centr. Press, 2002. – 348 s.
15. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>(өтиніш берген күні: 06.02.2026).
16. Council of Europe (2011) Convention on preventing and combating violence against women and domestic violence (Istanbul Convention), CETS No. 210. <https://rm.coe.int/168008482e>(өтиніш берген күні: 06.02.2026).
17. Domestic Abuse (Scotland) Act 2018, asp 5. <https://www.legislation.gov.uk/asp/2018/5/contents>(өтиніш берген күні: 06.02.2026).
18. Serious Crime Act 2015, c. 9, Section 76 (England and Wales). <https://www.legislation.gov.uk/ukpga/2015/9/section/76>(өтиніш берген күні: 06.02.2026).

Авторлар туралы мәлімет

Құттығалиева А.Р. – хат-хабар авторы, PhD, аға оқытушы, І.Жансүгіров атындағы Жетісу Университеті, Жансүгіров көшесі 187, 050043, Талдықорған, Қазақстан.

Ермұхаметова С.Р. – заң ғылымдарының кандидаты, профессор ассистенті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Әл-Фараби даңғылы, 71, 050040, Алматы, Қазақстан.

Есенғазиева А.К. – заң ғылымдарының магистрі, «Құқық» білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Н. Назарбаев даңғылы 162, 090000, Орал, Қазақстан.

Құттығалиева А.Р. – автор для корреспонденции, PhD, старший преподаватель, Жетысуский университет имени И. Жансугурова, улица Жансугурова, 187, 050043, Талдықорған, Казахстан.

Ермұхаметова С.Р. – кандидат юридических наук, ассистент-профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, проспект аль-Фараби, 71, 050040, Алматы, Казахстан.

Есенғазиева А.К. – магистр юридических наук, старший преподаватель образовательной программы «Право», Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова, проспект Н. Назарбаева, 162, 090000, Уральск, Казахстан.

Kuttygaliyeva A. – corresponding author, PhD, Senior Lecturer, I. Zhansugurov Zhetysu University, 187 Zhansugurov Street, 050043, Taldykorgan, Kazakhstan.

Yermukhametova S.R. – Candidate of Legal Sciences, Assistant Professor, Al-Farabi Kazakh National University, 71 Al-Farabi Avenue, 050040, Almaty, Kazakhstan.

Yessengaziyeva A.K. – Master of Laws, Senior Lecturer of the «Law» educational programme, M. Utemisov West Kazakhstan University, 162 N. Nazarbayev Avenue, 090000, Uralsk, Kazakhstan.



Copyright: © 2026 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).